

Г.К.Уалиева, С.У.Жауымбаев

Письменные и археологические источники о караван-сараях Таскишу

В статье рассматриваются письменные и археологические источники средневекового караван-сарая Таскишу. Он расположен на северной ветви Великого Шелкового пути, соединяющей Восток и Запад, так называемая «Старая Ногайская дорога». Караван-сарай Таскишу — один из важных археологических памятников средневековья (XIII–XVIII вв.), представляющий огромный научно-исторический интерес.

G.K.Ualiev, S.U.Zhauymbaev

Written and archaeological sources on caravanserai Taskishu

This article discusses the written and archaeological sources of the medieval caravanserai Taskishu. These sources provide an opportunity to learn about the significance of this historical monument. It is located on the northern branch of the Silk Road connecting East and West, the so-called «Old Nogai road». Therefore, the caravanserai Taskishu is one of the most important archaeological monuments of the Middle Ages (XIII–XVIII cc.). Which is of great scientific and historical interest, as is the main place of cultural and economic life of that time.

ӘОЖ 39 (574)

Г.К.Шайжанова, А.Н.Мұқанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақ-жоңғар этномәдени байланыстарының құқықтық проблемалары

Мақалада қазақ-жоңғар этномәдени байланыстарының құқықтық проблемасы талқыланды. Қазақ, жоңғар заңдарының негізгі дереккөздері қарастырылды. «Жеті жарғы» және «Их Цааз» заңдары талданды. Сонымен қатар монғолдық заң ескерткіштеріне назар аударылды. Авторлар қазақ және жоңғар заңдарының өзара байланысын көрсететін теориялық зерттеулердің нәтижесін келтірді. Қазақ-жоңғар халықтарының заңдарындағы ұқсастық элементтері бойынша жалпы қорытынды жасалды.

Кілтті сөздер: Қазақ хандығы, Жоңғар хандығы, қазақ-жоңғар, этникалық үрдістер, мәдениет, саяси-экономикалық байланыстар, құқықтық жүйе, заң, заң-құқықтары, билер.

Қазақ-жоңғар аралық қатынастарда орын алған этникалық үрдістер екі халықтың мәдениетінде, саяси-экономикалық, әлеуметтік негіздерінде өзіндік із қалдырды.

Өзара байланыстардың ұзаққа созылуының нәтижесі аталмыш халықтардың құқықтық жүйесінде де орын алды. Бұл ішінара екі халықтың құқықтық негіздерінің ұқсастығын анықтау мәселесін туғызады. Аталмыш мәселе бүгінгі таңда толық зерттелмеген. Құқықтық негіздерінің ұқсастығы мәселесі кеңестік және қазақстандық тарихнамада зерттеліп талданбады. Бұның басты себебі, тарих және заң ғылымдарының қиылыспауынан туындауы мүмкін.

Монғол халықтарының заңдарын зерттеушілер П.С.Паллас, Ф.И.Леонтович, К.Ф.Голстунский, Я.И.Гурлянд және т.б. [1–4]. Ресейдің оңтүстік шекарасында орналасқан халықтардың заңдарының ұқсастығына назар аударған. Ғалымдарды ұқсастықтардың шығу тарихы, дәстүрлердің өзара әсері, қазақ, қалмақ, монғол, тунгус халықтарының қоғамдық қатынастары қызықтырды. Зерттеушілер аттары аталған халықтардың заңдарының зерттей келе төмендегідей қорытынды жасайды. XIII ғ. басында басталған Шыңғыс ханның басқаруымен болған монғол басқыншылығы өзінің ықпалын Шығыс Еуропа, Чехия, Болгария жерлеріне дейін таратты. Жаулап алған жерлерінде монғолдар өз заңдары мен құқықтарын, дәстүрлері мен салттарын бекітті. Яғни Шыңғыс ханның «Ұлы жасағын» империя құрамына енген халықтар өз заңдарын шығаруда басшылыққа алып, соның негізінде құрастырылған. Монғол-татар заңдарының ірі білгірі К.Ф.Голстунский ең алғашқылардың бірі болып

монғол құқық негіздерінің көршілес халықтардың құқық негіздеріне әсеріне назар аударды. Монғол құқығының қазақ құқығына әсерін ол: «...нет сомнения в том, что в эпоху монгольского данничества у киргизов действовали древние монгольские уставы: в особенности, к ним могли привиться порядки, развитые «Великой ясой» Чингиза. Эти самые порядки, вошедшие в привычку народа, могли затем удержаться и позже, в эпоху самостоятельных киргизских ханств, когда появляются у киргизов свои племенные законы» [3; 20],— деп жазады.

К.Ф.Голстунскийдің пікірі заңгер-тарихшы Я.И.Гурляндтың «Степные законодательства с древних времен по XVII столетие» атты еңбегінде: «Киргизы с XIII в. были данниками империи Чингисхана, продолжали быть в подчинении империи его потомков и затем, войдя в состав Кипчакской Золотой Орды, платили ее ханам дань до ее падения. Несомненно, что обычаи и законы завоевателей должны были господствовать и у киргизов, и поэтому Чингисова «Великая яса» была важнейшим законодательным уложением киргизов того времени» [4; 108] деп жалғасын табады.

Мәселенің басын ашу үшін алдымен екі халықта қабылданған заңдарға тоқталып өткен жөн.

1635 жылы құрылған Жоңғар хандығының ішкі және сыртқы саясатын тұрақтандыру мақсатында қоңтайшы Эрдэни Батыр бірқатар іс-шаралар жүргізеді. Сондай шараның бірі 1640 жылы шақырылған құрылтай еді. Қолда бар деректерге сүйенетін болсақ, құрылтайдың шақырылуының инициаторы ретінде тікелей Эрдэни Батыр қоңтайшы деп көрсетілмейді. Дегенменде құрылтай жоңғарлық Эрдэни Батыр қоңтайшының бастамасымен өткен деген қорытынды жасауға болады. Деректерге сүйенетін болсақ, Халхадан Дза-сактухан Субуди, Тушету-хан Гомбодорджи, Кукунордан Гуши-хан ұлдарымен, Еділ бойынан Хо-Урлюк ұлдарымен, Цэцэн-нойон Шолойдың ұлдары келген. Жоңғар хандығының атынан үлкен ықпалды топ қатысқан. Атап айтқанда, Эрдэни Батыр қоңтайшы, Очирту-тайшы, Тэнгэри-тойн, Цэцэн-нойон, сонымен қатар сол кездегі ірі діни қайраткерлер Жоңғария далай-ламасының өкілі Манджушири-хутукта, Халхадан Инзан-римбочи, Цаган номун-хан және жоңғарлық ағартушы Зая-пандита да атсалысқан. Құрылтайға тек маньчжурлік жаулап алушылардың қол астында болған Оңтүстік (Ішкі) және Шығыс (Хинган) Монғолия өңірінен ешкім қатыспаған [5; 2].

Құрылтай жөнінде монғол, ойрат және орыс деректерінде аз мәлімет келтірілген. Толыққанды мәлімет айналымға енбеген тибет деректерінде берілуі мүмкін. Зая-пандитаның биографиясы бойынша құрылтайдың 1640 ж. болғандығы және бірнеше ережелердің бекітілгені жөнінде ғана айтылған. Құрылтайға қатысушылар бекітілген ережелерді бұлжытпай орындауға ант берген.

Құрылтайда бекітілген ережелер тарихта «Их Цааз» деген атпен белгілі монғол-ойрат заңы. «Их Цааз» 1640 жылы қыркүйек айында Жоңғар хандығының территориясындағы Тарбағатай тауының етегіндегі Улан-бура жерінде өткен халхалық және жоңғарлық ірі ақсүйектерінің құрылтайында қабылданған. Құрылтайға қатысушы ірі, беделді отыз екі адамның аттары «Их Цааздың» кіріспе бөлімінде атап көрсетілген [5; 2].

Бұл заңның бүгінгі күнге ойрат тілінде 1648 ж. Зая-пандита ойлап шығарған тод жазуымен жазылған қолжазба нұсқасы сақталып жеткен. Кейбір ойрат көшірмелерінен аударма жасалған. Заңның түпнұсқасы сақталмағандықтан, жарғының қай бөліктері толық емес екендігін анық білу қиындық туғызады.

Ғылыми ортада жарғының ойраттық жазба аудармасының 3 редакциясы белгілі [6]:

1. XVIII ғ. 20-жж. Сыртқы істер коллегиясының хатшысы, кейін кеңесшісі болған В.М.Бакуниннің орыс тіліндегі аудармасы. Алғаш рет В.М.Бакуниннің орысша аудармасы 1776 ж. «Перевод с права мунгальских и калмыцких народов» атаумен граф П.Б.Шереметьевтің жариялауымен шыққан.

2. 1776 ж. «Монғол халықтарының заңдары» (Gezetze der mongolischen Voelker) деген атпен П.Палластың неміс тіліндегі аудармасы жарық көреді.

3. 1880 ж. жарық көрген Петербург университетінің профессоры К.Ф.Голстунскийдің орыс тіліндегі аудармасы.

Барлық аудармалар тілдік жағынан нақты емес, негізінен түсіндірушілік сипатта жазылған.

«Дала жарғысы — Их Цааз» атты заңдар жинағының қабылдануындағы басты мақсат сыртқы қытай экспансиясы қаупіне қарсы монғол хандарының билігін күшейту, біріктіру болды.

И.Я.Златкин: «...в их основе лежали три цели: урегулировать внутренние взаимоотношения феодалов и исключить возможность междоусобной борьбы; обеспечить объединение сил и взаимную помощь в борьбе против возможностей внешней опасности; укрепить феодальные порядки и власть ханов и князей над остальным населением» [7] деп Жарғының үш мақсатын атап өтеді.

У.Эрдниевтің «Историческая судьба ойратов» [8] атты очеркінде И.Я.Златкиннің Жарғының қабылдануындағы көрсетілген мақсаттармен сәйкес келеді.

Зерттеуші Г.Е.Марков: «Одной из важнейших задач, стоявших перед сеймом князей и нашедших отражение в принятом законодательстве, была стабилизация политического положения, прекращение усобиц и некоторая координация действий. Прямо этому посвящались статьи закона, воспрепятствовавшие взаимные нападения, грабежи, угон скота и т.п.» [9] деп, Жоңғар хандығындағы әлеуметтік құрылымды реттеудегі Жарғының маңыздылығын атап көрсетеді.

Иакинф Бичуриннің айтуынша, «Их Цааз» құқық негіздерінен жоңғар халқының салт-дәстүрлері, ойлау ерекшеліктері, өмір сүру тәсілдері, ағартушылық деңгейі анық көрінеді [10].

Жоңғар хандығының бірігуі (1635 ж.) мен нығаюы қазақтарға, олардың жайылымдарына қауіп төндірді. Шекарасында Цин империясы белсенділік көрсеткен жоңғарлар оңтүстік пен батысқа қарай жылжыды. Осы жерде өзінің тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан қазақтар олармен қақтығысып қалды. Жоңғарлармен соғыстан қашып құтылу мүмкін емес еді, сондықтан Қазақ хандығын нығайту қажет болды. Жаңа заңдар шығару, қатаң тәртіп орнату хандықтың қоғамдық құрылысын нығайтып, жаңа өзгерістерге жеткізер еді. Қалалар мен жайылымдар үшін Жоңғария мен Аштарханидтермен болған екі жақты соғыс өте ауыр болды. XVII ғ. соңында қазақтар Жетісу маңындағы жерлерінен айырылды, бұл өз кезегінде қазақтар арасында дау туғызды. Қалыптасқан жағдайда жаңа заңдар жинағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кепілдік еді. Нәтижесінде 1680 ж. Тәуке хан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заңдарының негізінде Күлтөбеде билердің қатысуымен «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы құрастырылды. С.З.Зиманов [11], З.Ж.Кенжеғалиев [12], Н.С.Ахметова [13], Н.Өсерұлының [14] айтулары бойынша, «Жеті жарғы» сол замандағы қазақ халқының қоғамдық және саяси өмірін нақты айқындайтын құқықтық ескерткіш болып табылады.

Жоғарыда айтылып өткендей, Эсен тайшадан кейін ойраттардың тарихы саяси беделге ие болуымен сипатталған. Яғни, олар сыртқы саяси бағытын өзгертіп, жаңа аймақтарға қол сала бастаған. Шығысқа қарай жылжу мақсатындағы күресте жеңілгенмен, ойраттар батыс пен солтүстікте, Шығыс Түркістан, Дешті-Қыпшақ даласы мен Орта Азияда ірі саяси күшке айналып, сол аймақтарда болып жатқан күрделі тарихи этникалық үрдістерге өз ықпалын тигізді. Бұл қазақ-жоңғар этностарының территориялық жақындасуына алып келді. Екі жақты араласудың нәтижесінде туған байланыстар этнологиялық зерттеулерге арқау болып отыр.

Отандық тарихшылар қазақтар мен жоңғарлардың заң құқықтарының шығу уақыттарының сәйкес келетініне көңіл бөледі. Белгілі тарихшы Н.Өсерұлы: «Осы заңдарға сүйенген қазақ билері қоғам ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп отырды. Соның нәтижесінде ел іші тынышталып, жұрт бейбіт өмір сүрді; адамдарға береке кірді. Хандық билік әжептәуір нығайды. Сыртқы дұшпандармен тең құқықта сөйлесуге мұрша берді. Тәуке хан сұлтандар үстемдігінің әлсіреп бара жатқандығын дер кезінде көре біліп, билер мен батырларға сүйенді. Әсіресе билер ролін күшейтті. Билер сот қызметінен бастап, ру басшысына дейінгі, қажет болса елшілік қызметті де атқарды» [14; 11] деп мемлекеттің ішкі саясатын тұрақтандыру мақсатындағы Тәуке ханның кезінде іске асқан шараның маңыздылығын атап өтеді. «Жеті жарғыны» зерттеушілер осы заңға негіз болған ежелгі қазақ құқықтары тарихына назар аударады. К.Ф.Голстунский: «Основываясь на Записках киргизского старшины (Яппаского рода) Кубека Шукуралиева (1804 г.), Спасский утверждает, что еще в древние времена существовали у киргизов законы, которые во второй половине XVII века хан Тявка утвердил в значении общеплеменных киргизских законов» [3; 244], — деп мәлімет береді.

Әрине, ежелгі қазақ құқықтары толығымен Шыңғыс ханның жасағының негізінде құрастырылған деп айту артық. Монғол шапқыншылығына дейін де қазақ тайпаларында өз құқықтары болды және олар Шыңғыс ханның заңдарының қыспағының әсерінен жойылып кетуі мүмкін емес. Ш.Уәлиханов «Жеті жарғы» ережелері мындаған жылдар бойы өмір сүрді деп жазып, әдет-ғұрып заңдарына негіз болған «туысқандық, ауа райы мен табиғат» туғызған заңдылықтар деген қорытынды жасайды [15]. Қазақстандық тарихшы, заңгер-ғалым С.Зиманов: «Казахское право, основными источниками которого были обычно нормативная система, культурная традиция Великой степи, проявляло... удивительную стойкость в условиях...засилия чужестранных государств» [11; 25], мәлімет келтіреді. Шыңғыс ханның заңдарының әсерін, әрине, жоққа шығаруға болмайды, мысалы, «барымта», «қанды кек» заңдар өз бастауын «Ұлы жасақтан» алған [16].

Сонымен қатар И.Я.Златкин: «Исследуя историю создания «Их Цааз», нужно отметить, что это древнее калмыцкое постановление вобрало в себя ранее утвердившиеся в народе обычаи, которые приобрели силу закона» [7; 93] деп, жоңғарларда да ежелден бері өзіндік заңдарының болғаны

жөнінде жазады. Яғни қазақ-жоңғар халықтарының монғол шапқыншылығына дейін (XIII ғ.) өзіндік заңдары мен құқық жүйесі болды. Оның негізін аталмыш халықтардың діни сенімдері мен әдет-ғұрып нормалары құрауы мүмкін. Бұл өз кезегінде толық әрі нақты зерттеуді қажет етеді.

Т.Сұлтанов — қазақ және жоңғар заңдарының ұқсастығын зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі. Ол «Жеті жарғы» мәтінін «Их Цааз» мәтінімен салыстырған [17]. Қазақ және жоңғарлардың құқықтық заңдарын оқығанда өте көп ұқсас ережелерді табуға болады. Мысалы, бай адамдарды жәбірлесе, бірдей айыппұл төленген: «Жеті жарғы» бойынша, егер кімде-кім қожаны немесе сұлтанға тіл тигізсе, 9 әр түрлі мал береді, ал егер қол жұмсаса, 26 мал және түйе төлейді немесе саусағы кесіледі [14; 43–46]. «Их Цаазда» үлкен князьға тіл тигізсе, бір тоғыздық, ал қол көтерсе, бес тоғыздық төлеу керек болған. Кіші князьға тіл тигізсе — бес мал, ал қол көтерсе — үш тоғыздық, жеңіл жарақат үшін екі тоғыздық мал төлеген [5; 25].

Қазақтар мен жоңғарлардың кісі өлтірген адамдарға қатысты заңдарында да ұқсастық бар. «Жеті жарғыда» бірінші орында кек қайтару заңы тұрады: қанға қанмен жауап беру, жазымға жазым келтіру, яғни өлген адамның туыстары өлтірушіні өлтірулеріне болады. Жазаны соттың көмегімен немесе екі жақтың келісімімен жеңілдетуге де болады. Құн төлеу арқылы өлтіруші өз өмірін сақтап қала алады. Ол әр өлтірілген ер адам үшін 1000 қой беруі керек. «Их Цаазда» да 1000 қой төлеу керек екендігі жазылған. Екі заңда да қасақана өрт қойғандарға берілетін айыппұл түрі бірдей, яғни 1000 қой түрінде айып төлеулері қажет.

Сонымен бірге негізгі құқықтық нормалары да бірдей. Мысалы, заңдарда келтірілген жаза түрлері ұқсас: өлім жазасы, мүлікті тәркілеу, мал, әскери жарақат т.б. беру арқылы айып төлеу, «композиция», яғни өлім жазасын айыппұл төлеумен алмастыру, шығынды өтеу. Азаматтық істі қарағанда қолданылатын процессуалдық құқықтар бір-біріне ұқсас болып келеді. Жоңғарларда «Элчи» институты болған, оның міндеті сотқа жауапкерді, куәгерді, талапкерді алып келу болды.

Екі халықта да кінәны айқындау үшін басқа әдістермен қатар ант беру әдісі де қолданылған. Н.Өсерұлы былай жазады: «Жеті жарғыда ант беру туралы арнайы заң бар. Мұны ердің құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы секілді күрделі дауларда қолданған» [14; 50].

П.Смирнов қалмақтарда да осындай анттардың болғанын жазып, олардың сот мәселелеріндегі мазмұны мен маңыздылығына тоқталған [18].

Екі заңда да отбасылық қатынастарды реттейтін көптеген баптар бар. Некелік және отбасылық қатынастар қатаң заңдастырылған. Жоңғарларда да, қазақтарда да қыз балалар үшін неке жасы ретінде 13 жас белгіленіп, туыстар арасындағы некеге тыйым салынған. Екі халықта да қалыңмал беру салты бар және ол ата-аналардың жағдайына байланысты қатаң сақталған. Құда түсуге де үлкен мән берілген. Мысалы, «ежелден бергі әдеп-ғұрып заңы бойынша күйеу жағынан құдалар алдымен құдалыққа барып, «құйрық-бауыр жесіп», киіп киеді. «Құйрық-бауыр жесісудің» мәні ерекше. Екі жақтан дау-дамай бола қалғанда, кез келген би: «Құйрық-бауыр жеппе едіңдер?» деп сұрайды. Желінген болса, құдалық заңды деп есептеліп, дауларын қараған. Ал желінбесе, қаралмаған» [19].

Осы орайда Я.Гурляндтың хабарламасы көңіл аударуға тұрарлық: «Жених (қалмақ) имеет право на имущество помолвленной с ним девушки в случае ее смерти, причем, согласно ст. 37, если не было пиршества, то только на половину» [4; 63]. Яғни, екі халықта да үйлену тойы тек мереке ғана емес, сонымен бірге ол заңды, куәгерлер қатысуымен өтетін акт болған.

Қазіргі заман тарихшысы А.Г.Митиров, Ф.И.Леонтовичке сүйене отырып, қалмақтардың туыстарынан мал айдап әкететін дәстүрін атап көрсетеді [20]. Бұл құқыққа тұрған жерлеріне, уақытына қарамастан, барлық жиендер ие болған. Олар алдын ала малдан үлес алулары туралы ескертетін, егер тілектері қабылданбаса, онда жиендердің малды айдап әкетуге құқықтары болған. Бұндай дәстүр қазақтарда да болған, оны «жиенқұрық» деп атайды [14; 43].

Қазақтар мен қалмақтардың негізгі заңнамалық терминдерінде де ұқсастықтар бар. Мысалы, қазақтың «жарғы» деген сөзі қалмақтарда «зарго» деп айтылады. Қазақша «жөн-жосын», қалмақша «иосун» (құқық), қазақтарда да, қалмақтарда да «заң» деген сөз бар, тек қалмақша ол «салт» деген мағынаны білдіреді.

Қазақтарда да, қалмақтарда да айыптың өлшемі ретінде тоғыздық алынған. Мысалы, жоңғарларда айып құны «тоғыздық түйемен» деп аталса, қазақтарда ол «түйе бастаған тоғыз» деп аталады.

Екі халықтың заңдарында әскери құқық біртекті айтылады. А.И.Левшин: «В дополнение к сим законам должны быть присоединены следующие достопамятные постановления хана Тявки: чтобы

сам хан, равно как и все султаны, старейшины и правители родов, собирались осенью в одном месте, в середине степи, для рассуждения о делах народных» [21; 358], — деп жазады.

Ал 1620 ж. жоңғар заңдарында былай делінген: «... если нойон не приедет на съезд, взять с него панцирь, сто верблюдов, тысячу лошадей» [22; 99].

Екі заңда да жер пайдалану мәселесіне көп көңіл бөлінген. С.Өзбекұлының айтуынша, Тәуке хан алдымен ру арасындағы дауларды шешіп, мемлекеттің тұтастығын қамтамасыз етуге басты назар аударған [23]. Ол жер, табиғат, климаттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, жерлерді үш жүз руларына бөліп берген, жайлау, қыстақтарды, жайылымдарды анықтап берді. Әр жүздің жер шекараларын белгіледі. Әрбір ру өзіне тиесілі жер аумағында көшіп жүруге құқылы болды. Монғол әкімшілігінің де міндеті жайылымдар мен қыстауларды анықтап, пайда болған дауларды шешу еді, заң бойынша өз бетімен қыстауларды өзгертуге тыйым салынған. Егер шекара бұзылса, онда үш тоғыздық көлемінде айыппұл салынатын.

Сонымен қатар екі заңда да егер жауапкер болмаса немесе оның айып төлеуге жағдайы болмаса, онда міндеттер ол адамның туыстарына жүктеледі. «Если ответчик суду не явится или присужденный пени заплатить не может; то оно взыскивается с его родственников или с его аула» [21; 358].

Қазақ-жоңғар халықтарында түрме болмаған. А.Д.Насиловтың айтуынша, көшпенді халықтарда еркіндігін алу арқылы жазалау болмаған [22; 35]. «Қазақтарда түрме деген мүлдем болмаған», — деп тарихшы Н.Өсерұлы [14; 11] өз еңбегінде жазады.

Екі заңда да жазалауды жеңілдету қарастырылған. «Жеті жарғыда» «талион» принципі жарияланған: онда бірінші орынға кек қайтару заңы қойылған, қанға қан, жаракатқа жаракат. Бірақ И.Левшиннің айтуынша: «Наказания могут быть смягчаемы по приговорам судьи или согласию истцов; и тогда преступник наказывается только установленною за всякое преступление платою (принцип «композиции»). «Убийца возвращает себе жизнь, платя кун, т.е. отдавая за каждого убитого мужчину — 1000, а за женщину 500 баранов» [21; 358]. Қазақтарда жазаны жеңілдету Есім хан тұсында басталған: « Бізге келіп жеткен деректер бойынша, Есім хан ердің құнына 100 жылқы және 6 жақсы (6 түйе) кесім белгілеген», — деп жазады Н.Өсерұлы [14; 43].

Кейбір ғалымдар (С.Д.Дылыков және т.б.) жазаның жеңілдетілуін көшпенділердің материалдық жағдайларының төмен болуымен байланыстырады, яғни кінәлілар айыбын төлеу үшін ештеңе бере алмайды. Заңдылықты сақтауда қоғам мүшелерінің экономикалық жағдайы әсерінің маңыздылығын ескере отырып, жазалардың жеңілдетілуін халықтың жалпы дүниетанымының дамуы, көшпенді қоғамдағы гуманистік принциптердің күшеюімен түсіндіруге болады.

Аталған заңдардың ұқсастықтарын зерттей келе, Т.Сұлтанов Тәуке хан жарғыларының 1640 жылғы ойрат жарғыларына еліктеу емес екендігін айтады [17]. Екі жарғының ұқсастығы қазақтар мен ойраттардың (қалмақтардың) шаруашылық-өндірістік іс-әрекеттер жағдайларының ұқсастығымен түсіндіріледі.

«Жеті жарғыны» «Их Цаазбен» салыстырғанда «1620 ж. он сегіз дала заңдарын» қоса талдау қажет. « Их Цааз» көп жағдайда осы заңдарға жүгінеді, мысалы, 98-бапта егер кімде-кім қасақана өрт қойса, ол Ұлы жарғы («Он сегіз дала заңы») бойынша жазаланады делінген [5; 9].

Қазақ зерттеушілері «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» туралы жазба деректерінің жоқтығын және «Жеті жарғының» мәтінінің толық еместігін айтады. Патшалық Ресей, Циндік Қытай мемлекеттері бірнеше жылдар бойы Қазақ хандығына бақылау жасап отырған. Бұл елдердің билеушілері қазақ қоғамының әскери қуатына ғана емес, құқықтық негіздеріне де аса мән беріп келген. Сондықтан осы мемлекеттердің сыртқы саяси мекемелерінің мұражайларынан XV–XVII ғғ. қазақ заңнамалары туралы көптеген мәліметтер табуға болады, соның негізінде олқылықтардың орнын толтыра аламыз.

Жоғарыда «Жеті жарғы» және «Их Цааз» заңдары талданып, ұқсастық элементтерінің кездесетіндігі көрсетілді. Екі халықтың заңдарындағы ұқсастықтың болу себебіне төмендегідей қорытындылар жасауға болады:

- қазақ және жоңғар халықтары географиялық жағдайы бірдей аймақта көшпелі өмір салтын ұстанған халық, яғни қоғамдық өмірлерінің әлеуметтік жақындығы екі халықтың құқықтары мен заңдарының ұқсастығына өз әсерін тигізді;
- қазақ-жоңғар заңдарындағы ұқсастық екі халықтың XIII ғасырдағы Шыңғыс хан бастаған монғол шапқыншылығы нәтижесінде құрылған Монғол империясының және одан кейінгі Шыңғыс ұрпақтарының мемлекеттерінің құрамында болуында. Яғни Шыңғыс ханның «Ұлы жасағын» басшылыққа алуы;

– ұзаққа созылған этномәдени қарым-қатынас.

Қазақ-жоңғар халықтарының заң шығару мәселесінде өзара әсердің жоғары екендігін айта кету керек. Көшпелі қоғамның күрделі ішкі құрылымын зерттеуде қазақ және жоңғар жарғылары үлкен роль атқарады. Екі көшпелі халықтың заңдарының өзара әсері дербес зерттеуді қажет етеді. Сонымен қатар Шыңғыс ханның «Ұлы жасағының» ғасырлар бойы көрші қазақ-жоңғар халықтарының құқығына әсерінің қандай дәрежеде болғанын анықтау шарт.

Қазақ және қалмақ зерттеушілері екі халықтың ежелгі заңдарының өзара әсерін зерттеуі — бүгінгі күннің талабы. Осыған байланысты жоңғарлардың «Цааджан Бичиг», «Их Цааз» жарғыларынан бұрын пайда болған қазақтың «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» жарғыларын зерттеп, олардың жоңғар жарғыларына әсерін түбегейлі анықтау қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Паллас П. Собрание исторических известий о монгольских народах. — СПб.: Изд-во АН, 1776. — 114 с.
- 2 Леонтович Ф.И. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий, или ойратский, устав взысканий (Цааджин Бичик). — Одесса: Ун-т Св. Владимира, 1879. — 24 с.
- 3 Голстунский К.Ф. Монголо-ойратские законы 1640 года. — СПб., 1880. — 214 с.
- 4 Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие. — Казань, 1904. — 198 с.
- 5 Их Цааз (Великое уложение). Памятник монгольского феодального права XVII в. — М.: Наука, 1981. — 165 с.
- 6 Пучковский Л.С. Монгольские, бурят-монгольские и ойратские рукописи и ксилографы Института востоковедения АН СССР. — М.-Л.: Наука, 1957. — 254 с.
- 7 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства (1635–1758). — М.: Наука, 1983. — С. 113.
- 8 Эрдниев У.Э. Историческая судьба ойратов. — Элиста: Калм. кн. изд., 1993. — С. 25.
- 9 Марков Г.Е. Кочевники Азии (структура хозяйства и общественная организация). — М.: Изд-во Моск. ун-та, — 1976. — С. 97.
- 10 Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов и калмыков с XV столетия до настоящего времени. — СПб.: Типогр. Мед. департамента, 1854. — С. 112.
- 11 Зиманов С. Проблемы казахского обычного права. — Алма-Ата: Наука, 1989. — 142 с.
- 12 Кенжегалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. — Алматы: Жеті жарғы, 1997. — 191-б.
- 13 Ахметова Н.С. Көшпелі қазақ қоғамының құқығы. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2007. — 187-б.
- 14 Өсерұлы Н. Жеті жарғы. — Алматы: Жеті жарғы, 1995. — 79-б.
- 15 Валиханов Ч.Ч. Записка о судебной реформе // Собр. соч.: В 5 т. — Алма-Ата: Наука, 1985. — Т. 4. — С. 79.
- 16 Едилханова С.А. Казахско-джунгарские отношения в XVII–XVIII вв. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — С. 79.
- 17 Султанов Т. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). — М.: Наука, 1982. — С. 36.
- 18 Смирнов П. Путевые записи по Калмыцким степям Астраханской губернии. — Элиста: Калм. книж. изд-во, 1992. — 201 с.
- 19 Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. — Омск: Тип. Окружн. Штаба, 1886. — 84 с.
- 20 Митиров А.Г. Обычай права калмыков в трудах дореволюционных исследователей России / Калмыковедение: вопросы историографии и библиографии. — Элиста: Калм. книж. изд-во, 1988. — 255 с.
- 21 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Алматы: Санат, 1996. — 656 с.
- 22 Насилов А.Д. Восемнадцать степных законов 1620 года. — М.: Наука, 2002. — 154 с.
- 23 Узбекулы С. Хан Тауке и правовой памятник «Жеті жарғы». — Алматы: Ғылым, 1999. — 179-б.

Г.К.Шайжанова, А.Н.Муканова

Правовые проблемы казахско-джунгарских этнокультурных связей

В статье рассматриваются основные источники казахского, джунгарского права. Анализируются законы «Жеті жарғы» и «Их Цааз». Уделяется внимание собственно монгольским юридическим памятникам. Автор приводит результаты теоретического исследования, которые показывают взаимосвязь казахских и джунгарских законов. Делается общий вывод о схожих элементах в казахском и джунгарском законе.

G.K.Shaizhanova, A.N.Mukanova

Legal problems kazakh-zhungarian ethnocultural links

The article discusses the legal problems of the kazakh-zhungar ethnocultural relations. This article examines the main sources of kazakh, zhungar law. Analyzed laws «Zheti zhargy» and «Ih Tsaaz». Attention is paid to proper legal mongolian monuments. The author cites the results of theoretical studies that show the relationship of kazakh and zhungar laws. Made a general conclusion about the similarities in the kazakh and zhungar law.